ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 тамыз №7119-23-00-2/8121 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Мейірімділік жолы» жеке қайырымдылық қоры (БСН 220840043394)

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Талап қоюшы) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «Конкурс тәсілімен» мемлекеттік сатып алу қорытындыларының негізінде №9994687 Қорытындылар туралы хаттама негізінде «Мейірімділік жолы» жеке қайырымдылық қоры (БСН 220840043394) №56599150-ОК3 лоты бойынша жеңімпаз айқындалған.

2023 жылы 20 маусымда талап қоюшының мекен-жайына мемлекеттік сатып алу электронды портал арқылы Қамералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада (бұдан әрі - хабарлама) келіп түскен.

Жауапкер Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелікте – Медициналық стеллажды «Дайындаушы зауыттар» бағанда «Zeta Plast» ЖШС көрсетілген.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 11.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023
7119-23-3-1/7955

Алайда хабарламада медициналық стеллаж «Zeta Plast ЖШС» тауардың өндірушісі еместігі анықталған, яғни жеңімпаз атану үшін Жауапкер өз техникалық ерекшелікте анық емес ақпаратты берген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 11-бабы 1) тармақшасына сәйкес - «Біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі».

Сонымен қатар Заңының 11-бабы 2) тармақшасына сәйкес «Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтауы мүмкін».

АПК-нің 267-3-бабының 6 және 7-тармақшаларында көрсетілгендей ссы Кодекстің 267-1-бабының екінші бөлігінде белгіленген мерзімдер сақталған кезде сот осы Кодекстің 267-1-бабы үшінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларында көзделген жекелеген процестік әрекеттерді жүргізуге құқылы. Жекелеген процестік әрекеттер жүргізілгеннен кейін оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады. Сот тараптар ұсынған құжаттарда жазылған түсініктемелерді, қарсылықтарды және (немесе) дәлелдемелерді зерттейді және шешім қабылдайды.

Іс бойынша жекелеген процестік әрекеттер жүргізген, алайда жауапкер жағынан уәждерін растайтын құжаттар мен басқа дәлелдер ұсынылған жоқ.

Талап арызда өнім берушінің анық емес ақпаратты бергені туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер Заңның талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің анық емес ақпаратты бергенін ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 11.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023
7119-23-3-1/7955

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Мейірімділік жолы» жеке қайырымдылық қорына (БСН 220840043394) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Мейірімділік жолы» жеке қайырымдылық қоры (БСН 220840043394) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Мейірімділік жолы» жеке қайырымдылық қорынан (БСН 220840043394) мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 11.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023

7119-23-3-1/7955